# Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 12 мамырдағы № 179 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 13 мамырда № 38705 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Арнаулы әлеуметтік қызметтер департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он бесінші, он алтыншы абзацтарын, 2-тармағын, 3-тармағының бесінші және алтыншы абзацтарын, 4-тармағын, 5-тармағының бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он үшінші, он жетінші, 6-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2026 жылғы 12 шілдеден бастап Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 мамырдағы № 197 бұйрығымен бекітілген "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының 4-қосымшасы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20756 болып тіркелген), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 230 бұйрығымен бекітілген "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының 1-қосымшасы (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34655 болып тіркелген) осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.

*Қазақстан Республикасы*
*Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі* *А. Ертаев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2026 жылғы 12 мамырдағы
№ 179 Бұйрықпен
бекітілген

**Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1. "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 мамырдағы № 197 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20756 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылған және стационар, жартылай стационар жағдайларында және үйде арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге құжаттарды ресімдеу (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 3) тармақшасында мынадай редакцияда жазылсын:

"3) www.egov.kz "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.";

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген құжаттар топтамасы сәйкес келген кезде көрсетілетін қызметті берушінің маманы "Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – "Е-Собес" АЦЖ) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж адамның (отбасының) өтінішіндегі деректерді енгізеді.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорация, портал арқылы жүгінген кезде өтініштегі деректер автоматты түрде "Е-Собес" АЦЖ-ға беріледі.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтер "Е-Собес" АЦЖ-ден мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматтандырылған режимде түседі.";

15 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 10-тармағында көзделген негіздер болған кезде, көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы алдын ала хабардар етеді.";

16 - тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес оны тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымша осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын ұйымдардың тіркелімін әлеуметтік қызметтер порталында электрондық түрде қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 6 маусымдағы № 205 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32724 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын ұйымдардың тіркелімін әлеуметтік қызметтер порталында электрондық түрде қалыптастыру қағидаларына:

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әлеуметтік қызметтер порталы (бұдан әрі – портал) – Кодекске сәйкес жергілікті атқарушы органдар олардың құнын кепілдік берілген сома шегінде өтеу шарттарымен мүгедектігі бар адамдар үшін жеткізушілер ұсынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге, сондай-ақ инватакси арқылы мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау қызметтеріне бірыңғай қол жеткізу нүктесін білдіретін цифрлық объект.".

3. "Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 194 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34501 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларында:

5-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);";

8 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қалыптастырылған тізім ұсынылғаннан кейін уәкілетті орган 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей әрбір ұйым басшысына Әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай цифрлық жүйесінен алынған осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес материалдарды қалыптастырады және Комиссияның қарауына жібереді.";

көрсетілген Қағидаларға қосымшада:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 1 | **Ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)** | |

".

4. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге қойылатын біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 27 маусымдағы № 222 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34624 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге қойылатын біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінде:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| № | Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге қойылатын біліктілік талаптар | Біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар (мәліметтер) | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтермен немесе жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесінен ғимаратты ( үй-жайды) жалдау шартымен расталатын арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге жарамды, меншік құқығындағы немесе жалдау шарты негізіндегі ғимараттың немесе үй-жайдың болуы. | Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтары) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер. | Біліктілік талаптар үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғаларға қолданылмайды. |

".

5. "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 230 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34655 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге лицензиялар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге лицензиялау тәртібін айқындайды.";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы әлеуметтік қызметтер порталы, портал арқылы жүгінген кезде өтініштен алынған деректер автоматты түрде "Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – "Е-Собес" АЦЖ) беріледі.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтер автоматтандырылған режимде "Е-Собес" АЦЖ-дан Мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне түседі.";

12 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, медициналық қызметке лицензия туралы мәліметтерді, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және өрт қауіпсіздігі саласындағы рұқсат беру құжаттарын Департаменттер тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.";

42 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында көрсетілген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2-1-қосымша осы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2-2-қосымша осы Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 28 желтоқсандағы № 504 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35569 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу қағидаларында:

2 - тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы (бұдан әрі – портал) – Кодекске сәйкес мүгедектігі бар адамдар үшін өнім берушілер ұсынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құнын жергілікті атқарушы органдардың кепілдік берілген сома шегінде өтеуі шарттарымен оларға қол жеткізудің бірыңғай нүктесін білдіретін цифрлық объект;";

"7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және

мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);";

5-тармақтың 2) тармақшасында мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілер "Шот-фактураны жазып беру қағидаларын және оның нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 қазандағы № 629 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37241 болып тіркелген) сәйкес электрондық шот-фактуралардың цифрлық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураларды жазып береді.";

7 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Уәкілетті орган арнаулы әлеуметтік қызметтерді төлеу үшін осы Қағидалардың 5 -тармағында көрсетілген құжаттарды "Е-Собес" цифрлық жүйесіне келіп түскен күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде оларды қарайды және қабылдайды немесе себебін көрсете отырып, қайта қарау үшін арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін субъектіге қайтарады.".

Тізбеге 1-қосымша
"Арнаулы әлеуметтік қызметтер
көрсету орталықтарында
арнаулы әлеуметтік көрсетілетін
қызметтерге құжаттарды
ресімдеу" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Жергілікті атқарушы органның
немесе жергілікті атқарушы
орган уәкілеттік берген
мемлекеттік
ұйымның басшысы
___________________________
___________________________
(жергілікті атқарушы орган
немесе жергілікті атқарушы
орган уәкілеттік берген
мемлекеттік ұйым басшысының
тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда)
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі:
___________________________

**ӨТІНІШ**

Жеке басты куәландыратын құжат 20___ жылғы "___" _______ № ___ берілді
Тіркелген жері ___________________________________________________
Тұрғылықты жері _________________________________________________
Туған жері _______________________________________________________

Туған күні _____ жылғы "___" _________

Жәрдемақы түрі мен мөлшері _______________________________________

Мүгедектік тобы (мүгедектігі бар болса) _____________________________

Заңды өкілдерінің болуы ___________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, туыстық қатынастар, жасы, әлеуметтік мәртебесі, тұратын мекенжайы, байланыс телефоны)

Туыстарының болуы (еңбекке қабілетті кәмелетке толған балалары, жұбайы/зайыбы )____________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, туыстық қатынастар, жасы, әлеуметтік мәртебесі, тұратын мекенжайы, байланыс телефоны)

_____________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

стационарлық үлгідегі ұйымда тәулік бойы тұрақты/уақытша (керегін сызу) тұру жағдайында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсетуді сұраймын, өйткені стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсетуге мұқтажбын (мұқтаж).

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

1) ________________________ 2) __________________________

3) ________________________ 4) __________________________

5) ________________________ 6) __________________________

7) ________________________ 8) __________________________

9) ________________________ 10) _________________________

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес стационарлық үлгідегі ұйымдарда арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге құжаттарды ресімдеу үшін қажетті менің қолжетімділігі шектеулі дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Осы келісім қол қойылған күнінен бастап "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету аяқталған күнге дейін қолданылады.

Осымен арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсету, мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелеріндегі тиісті ақпаратты тексеру, сәйкестікке келтіру және жаңарту құқығын айқындау үшін еңбекке қабілетті кәмелетке толған балалары, жұбайы (зайыбы) туралы ақпаратты пайдалануға, сондай-ақ мен көрсеткен, цифрлық жүйелерден алынған мәліметтер мен мәліметтерді пайдалануға (беруге), менің мәртебем, менің мүддемде арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушы ретінде , оның ішінде арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсыну үшін келісім білдіремін.

Жалған ақпарат пен дәйексіз (жасанды) құжаттар бергенім үшін жауапкершілік туралы ескертілдім.

Стационарлық үлгідегі ұйымды қабылдау, онда ұстау, одан ауыстыру және шығару шарттарымен таныстым.

20___ жылғы "___" ___________

_____________________________________________________________________________

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және қолы)

Құжаттарды қабылдады ______________________________________________

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және қолы)

20___ жылғы "___" ___________

Тізбеге 2-қосымша
"Арнаулы әлеуметтік қызметтер
көрсету орталықтарында
арнаулы әлеуметтік көрсетілетін
қызметтерге құжаттарды
ресімдеу" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Жергілікті атқарушы органның
немесе жергілікті атқарушы
орган уәкілеттік берген
мемлекеттік ұйымның басшысы

____________________________

____________________________

(жергілікті атқарушы орган
немесе жергілікті атқарушы
орган уәкілеттік берген
мемлекеттік ұйым басшысының
тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда)

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

____________________________

**ӨТІНІШ**

_____________________________________________________________________________

_______

(көрсетілетін қызметті алушының тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) көрсету)

үйде арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсету үшін есепке алуды сұраймын.

Туған күні _____________________________________________________

Тұрғылықты мекенжайы ____________________________________________

Телефон номері (үй, ұялы) _________________________________________

Мүгедектік санаты (болған жағдайда) ________________________________

Бірге тұратын отбасы мүшелері (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, туыстығын көрсету): _______________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге құжаттарды ресімдеу үшін қажетті менің қолжетімділігі шектеулі дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Осы келісім қол қойылған күнінен бастап "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету аяқталған күнге дейін қолданылады.

Осымен арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсету, мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелеріндегі тиісті ақпаратты тексеру, сәйкестікке келтіру және жаңарту құқығын айқындау үшін еңбекке қабілетті кәмелетке толған балалары, жұбайы (зайыбы) туралы ақпаратты пайдалануға, сондай-ақ мен көрсеткен, цифрлық жүйелерден алынған мәліметтер мен мәліметтерді пайдалануға (беруге), менің мәртебем, менің мүддемде арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушы ретінде , оның ішінде арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсыну үшін келісім білдіремін.

Жалған ақпарат пен дәйексіз (жасанды) құжаттар бергенім үшін жауапкершілік туралы ескертілдім.

Үйде арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызмет көрсету тәртібі мен шарттарымен таныстым.

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және қолы _________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

Күні 20__ жылғы "___" ___________

Өтінішті қабылдады ____________________________________________

(тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) және лауазымын көрсету)

Қолы _________ күні 20__жылғы "___" _________

Тізбеге 3-қосымша

"Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 4-қосымша

| "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы | 1) Стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу;<br>2) Жартылай стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу;<br>3) Үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу. |
| 3 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері | Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру:<br>1) Мемлекеттік корпорация;<br>2) көрсетілетін қызметті беруші;<br>3) портал арқылы жүзеге асырылады. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі | Құжаттар топтамасын тіркеген сәттен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні.<br>Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын ұсынады;<br>2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты Мемлекеттік корпорацияда – 15 минут, көрсетілетін қызметті берушіде – 30 минут;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты Мемлекеттік корпорацияда – 15 минут, көрсетілетін қызметті берушіде – 30 минут. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі стационар, жартылай стационар жағдайларында және үйдегі ұйымдарда арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызмет көрсету мерзімін көрсете отырып, еркін нысандағы құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама немесе осы Қағидалардың 15-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады. |
| 7 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін. |
| 8 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін түскі үзіліспен жұмыс істейді.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін қабылдау және беру сағат 9:00-ден 17:00-ге дейін жүзеге асырылады.<br>2) Мемлекеттік корпорация бөлімшелерінде – Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес мереке және демалыс күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның кезекші халыққа қызмет көрсету бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін.<br>Қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз электрондық кезек |

| | | |
|---|---|---|
| | | тәртібімен жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады.<br>3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | 1) "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге құжаттарды ресімдеу " мемлекеттік қызмет көрсетудің осы қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысандары бойынша өтініш;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) бар ( сәйкестендіру үшін) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат;<br>3) амбулаториялық картадан немесе сырқатнамадан үзінді көшірмесімен Қағидаларға 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша медициналық карта.<br>Жеке басты куәландыратын құжат туралы, мүгедектікті белгілеу туралы (мүгедектік болған кезде қарттар үшін), мүгедектігі бар адамға абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы ( бұдан әрі – ОЖБ) әзірлеген шаралар туралы (қарттар үшін ОЖБ болған кезде), психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан адамды сот шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз деп тану туралы (болған жағдайда), зейнеткерлік жас, Ұлы Отан соғысының ардагері, басқа мемлекеттердің аумағындағы |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | ұрыс қимылдарының ардагері, сондай-ақ жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагері, " Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 1) тармақшасында санамаланған қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасы мәртебесінің болуы туралы (Ұлы Отан соғысының ардагерлері, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, сондай-ақ жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлері, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 1) тармақшасында санамаланған қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылар үшін) мәліметтер көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорация тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті лауазымды адамдардың электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында алады. Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған кезде өтінішке он сегіз жастан асқан адамдар үшін – адамды әрекетке қабілетсіз деп тану туралы сот шешімінің көшірмесі (бар болса) қоса беріледі.<br>Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі (болған жағдайда), іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бірреттік парольді беру арқылы немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады. |
| | | 1) мемлекеттік қызметтерді алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және ( немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін белгілеу; |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін негізде | 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тарту;<br>4) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімді беру туралы сұрауға уәкілетті мемлекеттік органның теріс жауабы;<br>5) сараптама, зерттеу немесе тексеру қорытындысының теріс болуы. |
| 11 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса), оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсету орталықтарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге құжаттарды ресімдеу әлеуметтік қызметкердің жәрдемдесуімен жүзеге асырылады.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің www.enbek.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде;<br>2) Мемлекеттік корпорацияның – www.gov4c.kz;<br>3) порталда орналастырылған.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен статусы туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті |

| | | |
|---|---|---|
| | | берушінің анықтамалық қызметтері, "1414", Бірыңғай байланыс орталығы, 8-800-080-7777 арқылы алу мүмкіндігі бар. Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі " Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет. |

Тізбеге 4-қосымша
"Арнаулы әлеуметтік қызметтер
көрсету орталықтарында
арнаулы әлеуметтік көрсетілетін
қызметтерге құжаттарды
ресімдеу" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
6-қосымша

## ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУДАН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ҚОЛХАТ

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19, 19-1-баптарын, 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып,

________________________________________________________________

________________________________________________________________

(Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары; "Азаматтарға арналған үкімет " мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы)

Сіз құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен / дәйексіз құжаттарды, атап айтқанда:

1) ____________________________________________________________;
2) ____________________________________________________________;
3) ____________________________________________________________.

Ұсынуыңызға / көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін ұсынылған қажетті материалдардың, объектілердің, деректер мен мәлеметтердің сәйкес келмеуіне (керегін сызу) байланысты "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден 2 (екі) данада жасалды.

Орындаушы:___________________________________________________________

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

(Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органының және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы маманының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Телефон: ___________________________________________________________

Алдым: _____________________________________________________________

___________________________________________________________________

(Көрсетілетін қызметті алушының немесе заңды өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

20___ жылғы "___" ____________.

Тізбеге 5-қосымша
"Арнаулы әлеуметтік қызметтер
көрсетуге лицензиялар беру"
мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
1-қосымша

## "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызметіне қойылатын негізгі талаптар тізбесі

| **"Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызметіне қойылатын негізгі талаптар тізбесі** | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы | Жоқ |
| 3 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері | Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы жүзеге асырылады. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі | Лицензия беру кезінде – 15 (он бес ) жұмыс күні; лицензияны қайта ресімдеу кезінде – 2 (екі) жұмыс күні. |
| 5 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны | электрондық (ішінара автоматтандырылған) |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі | арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия, лицензияны қайта ресімдеу не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап |
| 7 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
